

***Ж.Ә. Аймұхамбет**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан Республикасы
(E-mail: a_zhanat@mail.ru)

*Байланыс үшін автор: a_zhanat@mail.ru

М.Н. Миразова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан Республикасы
(E-mail: m.n.mirazova@mail.ru)

Абай поэтологиясы: бейнелілік парадигмасындағы көркем детальдің қызметі¹

Аннотация. Мақалада поэтология ұғымына берілген теориялық анықтамалар сарапқа салынып, бұл аспектінің қамтитын мәселелері тұжырымдалады. Поэтология терминінің туынды құрылымындағы күллі көркемдік-бейнелілік жүйеге қатыстылығы теоретик ғалымдардың пікірлері арқылы айқындалады. Түрлі тұжырымды жинақтай келе, поэтологияның көркемдік сана мен көркем шығармашылық табиғатын танытуға негізделген ілім екеніне назар аударылады. Осы пікірді негізге ала отырып, Абай суреткерлігінің поэтологиялық кеңістігін көркем детальдарды бейнелеу қызметі тұрғысынан таныту жүзеге асырылады. Суреткер санасының шығармашылықтың бастау көзі ретіндегі рөлі, сана, түпсана және түпкі ойдың шығармашылық процестегі қызметі, эстетикалық қабылдау, ассоциациялы ойлау мәселелері өлең мәтініне талдау жасау барысында түсіндіріледі. Көркем детальдың нақты, психологиялық және символикалық түрлері кемеңгер ақынның өмір туралы философиялық пайымға құрылған өлеңдері арқылы көрсетіліп, олардың мән-мағынасы зерделенеді.

Абайдың поэтологиялық кеңістігін зерделеу мақсатында бірнеше өлең талдауға нысан болып, мәтін құрылымындағы көркем детальдардың ой мен сезімді бейнелеудегі рөлі, ақынның тың бейнелеулері, өлең мазмұнындағы ұғымдардың мән-мағынасы талқыланып, суреткерлік шеберлік, ақындық таным заманауи әдебиеттанудың талабына сай айқындалады. Абай бұл өлеңдерінде өмірдің өткіншілігі мен мәңгілік ұғымының өлшемдерін шебер шендестіреді. Қайырылмайтын «бұлдыр заман», «көк тұман» келер заман, жаз сайларда гулеп, күзде өлетін «тотықұс түсті көбелек», өмірдің өтетінін білдіретін, әр күнінді ұрлайтын «сағаттың шықылдағы», бәрі өзгерсе де «өзгермейтін бір Тәңір», ақыл мен рухты әйгілейтін «мен», тіршілік тұрпатын, тән сипатын танытатын «менікі» бейнелеулері арқылы өзіндік, дара поэтологиялық кеңістікті түзетіні талданып, тұжырымдалады. Ақын өлеңдеріндегі тың сипатты бейнелеулер түрлі сипаттағы көркем деталь арқылы жасалатыны дәлелденеді.

Кілт сөздер: поэтология, көркемдік сана, көркем шығармашылық, деталь, түпсана, түпкі ой, рецепция.

Кіріспе

Заманауи әдебиеттануда әдебиетті жүйелі түрде зерттеуде түрлі жаңалық туындап, сол негізде тың терминдер қалыптасты. Әдебиеттану жаңа парадигмалармен толықты. Көркем мәтінді талдаудағы жаңашыл ұстанымдар дәстүрлі әдістерді негізге ала отырып, зерттеу аспектілерін даралады. Солардың қатарында көп қолданылып жүрген поэтология терминін айтуға болады.

¹ Ескерту: Мақала ҚР БҒМ грантымен қаржыландырылатын «AP09259039 – Абай өлеңдерінің поэтологиялық тезаурусы» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Бұл термин, еуропа әдебиеттанушыларының пікірлеріне сүйенсек, бір жағынан сөзбе-сөз «ақын және поэзия туралы ғылым» деген мағынаға жақын келеді, екінші жағынан, көркем туынды құрылымындағы күллі көркемдік тетіктердің тұтас қызметін танытады.

Поэтология терминіне берілген анықтамалар төмендегідей сипатта:

Поэтология ұғымы аясында «көркем мәтінді тудыру, тұтастыру және түсіндіру, сонымен бірге көркем танымның қызметі, бейнелеу құрылымы, шығарманы тудырушы мен тарихи-тұрмыстық түсініктегі (авто) биографиялық «Меннің» өзара қарым-қатынасы» түсіндіріледі [1, 105 б.].

Поэтология туралы алғашқы сөзді айтқан швейцариялық ақын әрі аудармашы Ф.Ф. Ингольд. Ол поэтология терминін «ақын мен поэзия туралы өлеңдер» деген анықтамамен ұсынады [2, 125-146 б.]. Бұл анықтама біржақты деуге болады.

Орыс әдебиеттанушысы М. Тростников поэтология туралы түсінікті барынша кеңейтіп, «поэтика мәселесін оның көркем туындыдағы барлық көріністерімен зерделеу» деп пайымдайды. Оның ойынша, поэтикалық пішін «көркемдік сананың ең қысқа, барынша тығыздалған әрі сыйымды түрде аңғартылуы», ал көркем мәтін болса «нақты мәдениетті тасымалдаушы көркемдік сананың «айнасы» [3, 3-6 б.].

М. Тростниковтің бұл тұжырымына тоқтала отырып, С. Федотова: «Осы тұрғыдан келгенде поэтология бәрінен бұрын антропология немесе мәдениеттану пәні болып табылады», – дейді [4, 6-7 б.]. Сөйтіп поэтологияны тек ақын мен поэзия туралы жай ғылым емес, «автордың көркемдік-философиялық сана-сезімін зерттейтін философиялық-діни антропология» ретінде ұсынады [5, 10 б.].

В.Н.Бойков, В.Е. Захаров, М.С. Каряева мен В.А. Соколовтың бірлескен авторлығындағы мақалада поэтологияны «поэзияны теориялық және тарихи тұрғыда барлық бағытта қарастыратын пәндер жиынтығы ретінде айтуға болады» деп түсіндіреді [4, 125 б.].

Бір-бірін толықтырып, талдаудың жаңа өрісіне жол ашатын поэтология ұғымына қатысты жоғарыдағы анықтамалар әдебиеттің танымдық-эстетикалық табиғатын тереңдей меңгеріп, танытуға бағытталатынын көреміз.

Поэтологияның негізгі нысаны – поэтикаға қатысты барлық мәселелерді қамту десек, ол сөз өнеріндегі көркемдік-бейнелілік жүйені ғана зерделеу емес, әлеуметтік-мәдени танымның тарихы мен даму ерекшелігін түсіндіру, таныту болып табылады.

Поэтология ұғымын поэтиканың барынша терең, жан-жақты, сан салалы пішіні түрінде қарастырғанда оның аясына күллі көркемдік-бейнелілік тұтастық тоғысады. Сонда туындының поэтикалық мәні мен пішінін тану суреткер туындатқан қат-қабат әлемді астары мен тұспалы, мәні мен мазмұны, тамыры мен тағылымы, яғни «бүге-шігесіне» дейін танып, қабылдау болып айқындалады.

Біз поэтология туралы түсініктерді сарапқа сала келе, бұл терминдік ұғымды мына аяда түсіндіреміз:

– Біріншіден, поэтология аясына көркемдік тұрғыда өлең туралы өлеңді, яки ақын мен поэзия туралы поэтикалық үлгідегі көркем туындыларды жинақтауға болады;

– Екіншіден, поэтология – поэтика және «логос» сөздерінің бірігуінен (мифология, антропология, семасиология, феноменология, т.б. сияқты) тұрады, көне грек философиялық дәстүріне сәйкес «логос» ұғымына жалпы заңдылықтар, тұжырымдар кіреді. Осы тұрғыдан келгенде поэтология дегеніміз көркемдік сана мен көркем шығармашылық табиғатын танытуға негізделген ілім болмақ.

Сонымен, ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетіміздің ұлы тұлғасы Абай шығармашылығының поэтологиясын зерделеуге бағытталған талдауымызды ақын өлеңдеріндегі көркем детальдар қызметі төңірегінде өрбітелік.

Зерттеу әдістері

Мәселені зерделеуде талдау, жинақтау, салыстыру, құрылымдық талдау әдістері негізге алынды.

Талқылау

Кез келген өнер туындысы бізге бейнелі әлемді, яғни әлем бейнесін ұсынады. Суреткер өзінің қиялы мен шындық әлемінің тоғысқан тұсынан бейне тудырады. Шынайы өмірдің көркем бейнесі деп аталатын бұл әлемді түйсіну, қабылдау тыңдарман, көрермен я оқырман тарапынан шығармашыл тұлғамен сұхбатқа шығуды қажет етеді.

Суреткер бейнелеген адам мен табиғат, құбылыс, мүлік, әрекет, әсерлену, түрлі көңіл күй – өмірлік ақиқат. Сол ақиқаттың көркем дүниеге көшуінің өзіндік шарттылық, заңдылықтары бары белгілі. Бұл бейнеленетін нысандар әр туындыда әртүрлі қалыпта, түрлі сипатта көрінеді. Қалай болғанда да біз көркем шындықтың нақты өмірлік шындықтан өзгеше екенін жадымызда ұстаймыз.

Сонымен өнер туындысында бейнеленетін әлем жекелеген көркем детальдардан, яғни тұтас бейнелілікті туындататын жекелеген бөлшектерден түзіледі делік. Көркем деталь – мәтінтүзілімнің әуелгі тетігі, мөлтек бейне. Көркемдік тұтастық жекелеген детальдардан жинақталады. Суреткер өзі бейнелемек әлемнің қыр-сырын, бітім-болмысын танытуда детальға жүгінеді.

Абай суреткерлігінің бірден-бір жарқын көрінісі – шеберлікпен таңдалып, үйлестірілген детальдар екеніне өлеңдеріне талдау арқылы көз жеткізуге болады.

Абайдың поэтологиялық кеңістігі – халықтық фольклор, батыс және шығыс поэзиясының сан алуан сырлы бояуларын, сырт пішін мен ішкі үнді шеберлікпен үйлестірген ерекше әлем.

Өлең – көркем шығармашылық өнімі. Орыс ғалымы Ю. Борев өзінің эстетика туралы тұжырымдарында көркем шығармашылыққа ерекше тоқтала келе, оны тудырушы тұлғаның бейімділік деңгейін қабілеттілік, дарындылық, таланттылық, данышпандық деген ұғымдармен сатылап көрсетеді. Осылардың ішінде данышпандық, яғни кемеңгерлік деңгейіне жеткен шығармашылық иесі өз шығармаларымен өткен шаққа және болашаққа қатысты [6, 91 б.]. Яғни өз заманының шеңберінен шығып, келер заман ұрпағының санасына сәулесін түсіретін өнер туындысының егесі болмақ. Абай поэзиясының қазақ көркем мәдениеті тарихындағы орны мәңгілік өлшеміне сай деп бағаласақ, Абай – кемеңгерлік биігіндегі суреткер.

Шығармашылықтың қайнар көзі – суреткер санасында туындаған ой болса, нәтижесі, яғни соңғы нүктесі – суреткердің эстетикалық-танымдық қабылдауындағы даралық. Бұл жерде шығармашыл тұлғаның талант қарымы, өмірлік тәжірибесі және білік-білімі ерекше орын алмақ. Семиотик-структуралист ғалымдардың түсіндіруінше, көркем шығармашылық дегеніміз – суреткер санасындағы ойдың таңбалық жүйеде және сол негізде туындайтын бейнелер мен бейнелеулерде көрінуі. Бұл бейнелеулер субъективтіліктен объективтілікке ойысу үдерісін бастан кешіріп, әуелгі ойдың суреткер санасынан сытылып, оқырманға жетуі тиіс. Міне, туынды тағдыры осы тұста жатыр.

Суреткердің эстетикалық қабылдауы болмыс шындығы әсерінен туындаған бейнелеуден аңғарылады. Бейнелеу, біз оларды көркем туындының жекелеген бөлшектері деп атасақ, барлық бөлшектердің тұтасып, біртұтастыққа жетуі көркем туындыны ұсынады. Бұл біртұтастық – суреткердің мақсаты. Көркемдік – шығармашылықтың басты кредосы болса, суреткердің күллі болмысын, ол тудырған барлық көркемдіктің табиғатын айқындайтын фактор – креатив, яғни шығармашыл тұлға санасының жасампаз қабаты екені белгілі.

Суреткер талғамынан көркемдіктің ең асыл нұсқасы, бейнелеулердің үздігі ғана өтетінін ескерсек, осы негіздегі туынды дара болмысымен оқырман санасына орнығады. Көркем шығармашылықтың негізгі тетіктерінің бірі – түрлі деталь. Ол детальдар тиісінше нақты, символикалық, психологиялық, заттық болып келеді. Туындының жекелеген бөлшектері

ретінде әрекет етіп, тұтастыққа ұмтылатын детальдар – суреткердің сыртқы дүниені, өзін қоршаған әлемді қабылдауындағы ерекше әсерлерінің өнімі.

Шығармашылықтың психологиялық факторларының бірі ретіндегі жад сыртқы ерекше әсерді санада бейнелеуде ерекше мәнге ие. Жадтағыны жаңғырту поэтикалық ойлаудың бейнелілік негіздерінің біріне айналады. Сана, бейсана, түпсана ұғымдарына жүктелген өткен шақтың оқиғалары мен көріністері шығармашыл тұлға ойының әрекеті арқылы жаңа мән-мағынасымен (бұл жерде бейнелі сипаттағы мән-мағына сөз болып отыр) ұсынылады. Туындының дүниеге келуінде сана мен түпсананың ерекше орны бар. Шығармашылықты санада орныққан түпкі ойдың жарыққа шығуы, деректік сипат иеленуі түрінде түсіндірсек (эстет Ю. Боров осылай тұжырымдайды), сол деректік сипаттағы мәтінде түпкі ойдан тамыр тартқан тұспалды, ишаралы сөздер мен сөз тіркестерін, тұтастай ұғымдарды іздеуіміз заңды. Оқырманның таным көкжиегі мен рецепциялық аңғарымпаздығы көркемдік-эстетикалық әсермен тікелей байланысты болмақ.

Абайдың 1896 жылы жазылған төмендегі өлеңіне назар аударалық:

Сағаттың шықылдағы емес ермек,
Һәмишә өмір өтпек – ол білдірмек.
Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас,
Өтті, өлді тағдыр жоқ қайтып келмек [7, 293 б.].

Бұл өлеңнен өмірдің өтпелілігі, тағдыр заңдылығы сияқты терең философиялық ұғымды «сағат», «сағаттың шықылдағы» деген нақты әрі символикалық мән иеленген детальмен жеткізуді аңғарамыз. Өмірдің өткіншілігі мен сағаттың шықылы Абайдың суреткерлік пайымында біртұтас ұғымға айналған. Осы тұста көркемдік ассоциация туралы еске алайық. Бұл терминді алғаш тұтынушы ағылшын философы Дж.Локк. Терминнің ғылыми айналысқа кіруі осы автордың 1698 жылы жарық көрген «Адам ақылы туралы тәжірибе» еңбегімен байланыстырылады. Заттар пен құбылыстар туралы ойлағанда немесе оларды көргенде туындайтын ұқсастық табу, сол арқылы сәйкестікті айқындау негізінен түпсананың көмегімен жүзеге асады. Суреткерге ассоциативті ойлау тән екені белгілі. Абай танымындағы өмірдің өзгермелілігін сағаттың шықылымен байланыстыруында терең пәлсапалық байлам жатыр. Өтпелі уақыт сағат шықылы арқылы деректік сипат иеленеді. Сөйтіп «уақыт – сағат» өмірді білдірмей ұрлаған «тиянақсыз, тұрлаусыз» қалпымен таңбаланып, «келген – кеткен» қозғалысымен эмоциялық әсерді туындатады. Кеткеннің кері қайырылуы жоқ:

Сағаттың өзі – ұры шықылдаған,
Өмірді білдірмеген, күнде ұрлаған.
Тиянақ жоқ, тұрлау жоқ, келді, кетті,
Қайта айналмас, бұрылмас бұлдыр заман [7, 293 б.].

Өлеңнің бірінші шумағында «сағат шықылдағы өтпек өмірді білдірмекке» мысал, сондай-ақ «өтті – өлді» деп сипатталатын, қайтып келмекке тағдыры жоқ «бір кісінің өмірі» – өлең өзегіндегі негізгі таңба-бейне яки теоретиктер айқындайтын «жарқын таңба». Суреткердің түпсанасында өмірдің өткіншілігі туралы туындап, эстетикалық сезіммен екшелген ой санаға өту процесінде бейнелі түрге ауысқан. Өнер атаулы өмірдің бейнесін беретінін ескерсек, сағаттың шықылдағы арқылы тұспалданатын өткен өмірге деген көңілдегі қимастық сарыны:

Өткен өмір белгісі – осы сыбдыр,
Көңілді күнде сындыр, әлде тындыр.
Ақыл анық байқаған қылығыңды,
Қу шыққансып, қағасың босқа бұлдыр [7, 293 б.], –

деген жолдармен бедерленеді. Көңілді не тындыруға, не сындыруға себеп болатын «сыбдыр» (сағаттың шықылы) – лирикалық кейіпкердің жан әлемін қозғаған ерекше үн. Абайдың бұл өлеңін теоретик ғалым З. Ахметов: «Өмірдің өтуі, дүние-болмыстағы мәңгілік пен адамның тағдыры жайлы толғаныстан туған өлең», – деп бағалайды [8, 319 б.]. Абай поэзиясын феноменологиялық әдіс тұрғысынан жаңаша зерделеген ғалым Ш. Ибраев бұл өлең

мәтінін толық келтіре отырып: «Өлеңді толық келтірудегі мақсат – уақыттың философиялық шешімінің Абай дүниетанымы арқылы феномендік сипатқа ие болғандығы», – дейді. Сөйтіп мәтінтүзілімнің структуралық жүйесіне талдау жасай отырып, уақыт бейнеленуінің төрт түрлі мәнін атап көрсетеді [9, 166-167 б.].

Өлеңнің ақындық тұжырымға келетін соңғы:

Күн жиналып ай болды, он екі ай – жыл,

Жыл жиылып, қартайып қалғаны – бұл.

Сүйенген, сенген дәурен жалған болса,

Жалғаны жоқ бір Тәңірім, кеңшілік қыл, –

деген шумағындағы ой мен сезімнің берілуін абайтанушы З. Ахметов пайымына салсақ: «Өзінің жасы ұлғайғанын, өмірдің өрін тауысуға жақындап қалғанын ойына алған ақынның көңілі діншілдік наным, имандылық сезім арқылы жұбаныш, тыныштық тапқандай болады» [8, 320 б.]. Сезім мен ойдың тоғысып, өмірлік ақиқатты философиялық пайыммен танытуы Абайдың бірнеше өлеңіне тән. 1886 жылы жазылған «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» деп басталатын өлеңінің:

Жас қартаймақ, жоқ тумас, туған өлмек,

Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек.

Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,

Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек [7, 49 б.], –

деген екінші шумағында «туу – қартаю – өлу», «өткеннің қайтып келмеуі» концептілерімен өмірдің өзгермес заңдылығы бейнеленіп, артта қалатын «басқан із», «көрген қызық» детальдары суреткердің философиялық пайымын аңғарта түседі. Авторлық позиция «өзгермейтін бір құдай» (осы 1886 жылы жазылған өлеңде) және осыған жалғас «жалғаны жоқ бір Тәңір» (1896 жылы жазылған өлеңінде) поэтикалық тіркестерімен айқындалады. Уақыттың өткіншілігі, адам өмірінің тұрлаусыздығы және өзгермейтін, жалғаны жоқ Жаратушы («бір құдай, «бір Тәңір») – суреткер ақынның кемел санасы туындатқан астары терең, философиялық пайыммен, ақындық таныммен астасқан бейнелеулер. 1902 жылы жазылған «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп басталатын өлеңінде де адамзаттың, замананың, шаруа мен мінездің, қағида-шарифаттың, күллі мақұлықтың өзгеретіндігі, тек бір Алланың өзгермейтіндігі тұтас мәтінде бірнеше қайталанып, тиянақтала суреттеледі:

Әмәнту оқымаған кісі бар ма?

Уә ктубиһи дегенмен ісі бар ма?

Алла өзгермес, адамзат күнде өзгерер,

Жарлық берді Ол сіздерге, сөзді ұғарға.

Замана, шаруа, мінез күнде өзгерді,

Оларға кез-кезімен нәби келді.

Қағида шарифаты өзгерсе де,

Тағриф Алла еш жерде өзгермеді.

Күллі махлұқ өзгерер, Алла өзгермес,

Әһлі кітап бұл сөзді бекер демес.

Адам нәпсі, өзімшіл мінезбенен

Бос сөзбенен қастаспай, түзу келмес [7, 408 б.].

Ұлттық таным мен діни сенім поэтологиялық кеңістікте болмыс шындығын көркем шындыққа айналдыруда негізгі философиялық тетікке айналғанына осы өлең мәтіні айқын мысал.

Жалпы, өмір туралы философиялық толғаныстар Абай суреткерлігінің поэтологиялық кеңістігінде маңызды орын алады. Өзгермелі уақыт, тұрлаусыз тірлік түрлі символикалық, психологиялық детальдармен, тың суреттеулермен түзіледі. 1902 жылы жазылған тағы бір өлеңінің мәтініне қарайық:

Тоты құс түсті көбелек
Жаз сайларда гулемек.
Бәйшешек солмақ, күйремек,
Көбелек өлмек, сиремек.
Адамзатқа не керек:
Сүймек, сезбек, кейімек,
Харекет қылмақ, жүгірмек,
Ақылмен ойлап сөйлемек.

Әркімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билемек?
Заманға жаман күйлемек,
Замана оны илемек [7, 407 б.].

Тіршіліктің тұрлаусыздығы мен мәңгілік ұғымының өлшемдерін салыстыра отырып, ақын адам өмір сүрген «заман» жайлы ой қозғайды. Алдыңғы екі өлеңдегі өзгермелі уақыт, өткінші өмір бейнесі енді жазда сайда гулеген көбелектің күзде өлуі, сиреуі, бәйшешектің солуы, күйреуі сияқты детальдармен ұсынылады.

Теоретик, академик З. Ахметовтің қисынына сүйенсек, бұл өлеңінде суреткер ақын өмірдің өтпелілігін «нақтылы сурет арқылы елестетіп көрсетуді мақсат етеді» [8, 320 б.].

Сыншы ғалым Б. Сарбалаев бұл өлең туралы: «Тіршіліктен соққы көріп, оның мағынасыздығын түйсініп, мәңгілікті ойлай бастаған ақын бұл өлеңінде адам өмірінің мәні, заңдылығы хақында ой толғайды. Қазақ ұғымында ең әдемі қызыл-жасыл түс тоты құс түсі болса, Абайдың айтуынша, сондай қызықты да тәтті өмірің – қас қағымдық ғұмыр», – деген тұжырымға келеді [10, 552 б.].

Символикалық деталь қызметіндегі көбелек пен гүл кеменгер суреткердің назарына жайдан-жай ілікпегені белгілі. Бір күндік ғұмыры бар көбелек, көктемде ғана құлпыратын гүл өткінші өмір ұғымымен ассоциациялы бейне түзген. Бұл – суреткер қабылдауының бір қыры. Адамның өмірі «тығыздалып, жинақталып», ишаралы, тұспалды мәнімен гүл мен көбелектің сәттік ғұмырына ұқсатылады. Бұл – поэтикалық танымның екінші сипаты. Нақты әрі символикалық детальға айналған тоты құс түсті көбелектің жазғы салтанаты мен күзгі тағдыры мәтіннің көркемдік-бейнелілік құрылымында маңызды орынға ие.

Әдебиеттанушы ғалым А. Шәріп Абай өлеңдеріндегі тіршіліктің өзгермелілігі, тұрақсыздығы туралы ойын ағылшын философы Г. Спенсердің эволюциялық ілімінің бейімделу теориясы негізінде талдай келе: «Эволюционизмнің негізі – бүкіл тіршілік атаулының өзгермелілігі туралы түсінік. Бұл ой Абайдың философиялық өрімдерінен де, өлеңдерінен де ұдайы ұшырасып отыратындығына» тоқталады [11, 120 б.]. Тұрақсыз, тиянақсыз уақыт көші, өзгермелі өмір туралы толғаныстар Абайдың қарасөздерінде де философиялық-гуманистік байламмен көрінеді. Жиырмамыншы қарасөзінде өзгермейтін – тағдырдың жарлығы, өзгеретін адамның қуаты, ғұмыры деген ойын пенде баласының тіршіліктен жалығуы себебімен байланыстыра отырып толғайды [12, 74 б.].

Мәтін құрылымында шендес ұғымдар ғана емес, қарама-қарсы мәндегі ұғымдар арқылы суреткер мұраты айқындалады. Өзінің бастауын бағзы мифтік танымнан алатын поэтикалық ойлау жүйесі қарама-қайшы құбылыстар мен ұғымдардың тұтастыққа жетуіне мүдделі. Абайдың бұл талданған өлеңдерінде өткіншілік пен мәңгілік ұғымдары бинарлық-диадалық құрылым түзеді. Өзгермелі, баянсыз құбылыстар мен өзгермейтін тұрақтылық ұғымдары арасындағы адам өмірі, тағдыр концептілері талқыға түседі.

Мәтін құрылымындағы бинарлық оппозиция мифтік танымнан бастау алып, поэтикалық ойлауға ұласқанын біз «The Poetic Interpretation of Binary Opposition in the Structure of Myth» атты мақаламызда зерделегенбіз. Ойымызды дәйектей түсу үшін сол мақаладағы тұжырымды келтірейік: «We can see the dyadic form of any motive of myth as the ancient worldview. It includes

chaospace, Heaven – earth, day – night, good – evil, black – white. These twin concepts are not only closely related to each other, but also have mutually contradictory character» (аудармасы: «Көне дүниетанымнан туындаған мифтің кез келген мотивінен біз қарама-қайшы диадалық құрылымды көре аламыз. Олар: хаос – космос; аспан – жер, күн – түн, ізгілік пен зұлымдық, ақ пен қара. Аталған ұғымдар өзара тығыз байланысты және өзара қайшылықты. Бұл қайшылықтың өзі айналып келгенде тұтастықты танытады») [13, 14 б.]. Міне, қарап отырсақ, архетиптік мотив – әлемнің жаратылуының өзін адамзат танымы қарама-қайшылықтың күресі мен тұтасуы тұрғысынан қабылдаған. Мифтік санаға тән мифологиялық ойлаудан поэтикалық ойлауға ойысқан таным сол қайшылықты құрылымды өнер туындыларын сомдайтын бірегей деталь түрінде жаңғыртқан. Абай өлеңіндегі *тұрақсыздық//тұрақтылық, өткінішілік// мәңгілік, жалған//ақиқат* бинарлық-оппозициялық жұбы түпсанадағы осындай бастаулардан тамырланған. Осы тұрақты оппозициялық жұптардың қатарын Абай «мен» және «менікі» деталь-образдармен толықтыра түседі. 1895 жылы жазылған «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» деп басталатын өлеңінде:

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,
Ол бірақ қайтып келіп өмір сүрмес.
«Мені» менен «менікінің» айрылғанын
Өлді деп ат қойыпты өңкей білмес [7, 263 б.], –

дейді. 1897 жылы жазылған «Көк тұман – алдындағы келер заман» деген жолмен басталатын өлеңінде «мен» және «менікі» деп таңбаланған ұғымдарды әрі қарай былайша айқындайды:

Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі,
«Мені» мен «менікінің» мағынасы – екі.
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі [7, 315 б.].

Ақынның «Мен» деп отырғаны, өзі айқындап, анықтамасын бергендей, ақыл мен жан, яғни рух. Ал «менікі» дегені – тән. Семиотик-структуралистер қисынымен келсек, рух пен тәнді бейнелеген оппозициялық жұптың деталь-бейне ретіндегі мәні терең, бұл – ақын таңбалаған рух сипаты және сол рухқа бағынышты болуға тиіс тәннің пішіні.

Шырақтар, ынталарың «менікінде»,
Тән құмарын іздейсің күнде-түнде, –

деген жолдарда пенделік тірлікті күйттеуге бейіл пиғылды сынға алады. Әділет, арлылық, махаббат – рух дүниесі қажет ететін қасиеттер. Оларды қастерлемей, ойды «лайлау» «Меннің» қадірін қашыратын әрекет екенін философиялық тұрғыда бейнелеп, «менікі» «меннің» алдына шықпауы керек деген гуманистік позициясын танытады.

Құрылымдық-семиотикалық талдау ұстанымы бойынша, өнер – таңбалар жүйесі де, көркем мәтін – осы жүйенің заңдылығы негізінде түзілген өнер туындысы. Сондай-ақ көркем мәтін – барлық бөлшектері түрлі дәрежеде белгілі бір мағыналық жүк арқалаған құрылым. Бұл тұжырым негізінен Ю. Лотман жетекшілік еткен Тарту-Мәскеу семиотикалық мектебінің өкілдеріне тән. Ю. Лотман Жан Жак Руссоның «Тәубе» және «Эмиль» туындыларындағы «Мен» таңба-сөзіне талдау жасағанда, Руссоның «Мен» есімдігінен «мен» жалқы есіміне дейінгі жолды жүріп өткенін айта келе: «Мен» құрылымы – мәдениеттің негізгі көрсеткіштерінің бірі», – дейді [14, 129 б.].

Ю. Лотманша қисындасақ, «Мен» есімдік ретінде таңба бола алады, ал жалқы есім ретінде таңба бола алмайды. Абай өлеңінің мәтінде «Мен» – ерекше мән иеленген таңба-образ және символикалық деталь. Ақыл мен жан ұғымын «мен» образы арқылы беру, тәнді «менікі» атауымен сипаттау – тек Абайға тән бейнелеу. «Мен» ұғымына қара-қайшы сипаттағы «менікі» тұрақсыз, алдамшы табиғатымен танылады.

Ойшыл ақын пенделік пиғылдың шылауында қалатын «менікі» ұғымы өзімшілдік, тоғышарлық сияқты жағымсыз ниетпен үндесетінін көрсете отырып:

Адам ғапыл дүние дер менікі,
Менікі деп жүргеннің бәрі онікі.

Тән қалып, мал да қалып, жан кеткенде,
Соны ойла, болады не сенікі? [7, 315 б.] –

деген риторикалық сауал қояды. «Менікі» сөз-образы бұл жерде тек тәннің анықтамасы емес, пенделік өзімшілдік пен қанағатсыздықтың өлшемін айқындаушы ретінде қолданылған. Адам болмысына тән «Мен» және «менікі» сөз-образдарына шендестіріле бейнеленетін мәңгілік ұғымының бастауына алынатын «өзгермес бір Алла» концептісін ақын «ОЛ» есімдігімен бейнелейді. «Менікі» деп меншіктенгеннің бәрі «Онікі», яғни мәңгілікке, жаратылысқа үстемдік етуші өзгермес, мызғымас ұғымға тиесілі. Ақын суреттеп айтар шындық осы.

Нәтиже

Поэтикалық ойлау жүйесінде ұғымдық бастаулар кейде ашық, кейде жасырын түрде көрінеді. Бұл тәсілдер көркемдік шарттылықпен түсіндіріледі. Көркем ойлаудың жемісі болып табылатын өнер туындысы объективті ақиқатты субъективті призмадан өткізіп, айрықша әсермен әдіптелген көркем шындықты туындатады. Абай бейнелеген шындық табиғатын осы тұрғыдан пайымдаған жөн. Адам рухы қашанда ізгілікті, тазалықты, мінсіздікті, тұрақтылықты, ақиқатты іздейді, соған ұмтылады. Өмірде бетпе-бет келетін зұлымдық, аярлық, жалғандық сияқты жағымсыз қылықтар рух дүниесі үшін зиян. Ақын гуманизмі мен кемеңгерлігі осы суреттеулерде барынша аңғарылады. Адам мен заман, адам мен жаратылыс ұғымдарын шендестіре отырып, рух болмысын асқақтату – сөз өнеріндегі өзгермес тақырыптың бірегейі.

Жалған мен ақиқат ұғымдарының ауқымында қаншама қайшылықты-жұптық болмыс бары белгілі. Үздіксіз даму *өмір//өлім* бинарлық ұғымының суреткер санасында түрлі бейнелеулермен сәулеленуі, сонан соң ол туындатқан мәтінде әрқилы пішіндегі детальдармен реципиенттің түсінігіне орнығуы шығармашылық процесінде маңызды орын алады. Ақынның талданған өлеңдеріне ортақ, үндес бейнелеулер қатарында «заман» сөз-образына ерекше назар аударуға болады. Өйткені ақын «заман» сипатын «бұлдыр», «көк тұман», «өзгермелі» айқындауларымен сипаттап, адам тағдырының өлшеуіші түрінде танытады. Адам мен табиғат, адам мен қоғам арасындағы байланысты «заман» ұғымына сыйдыра отырып, адамзаттық асыл мұратты алға тартады. «Заманға жаман күйлемек // замана оны илемек» түріндегі тұжырым суреткердің гуманистік ұстанымы мен философиялық пайымын айқындай түседі.

Өнер туындысының негізгі элементі, басты компоненті – көркем бейне болса, ол бір нысанның яки құбылысты танытатын тұспалды, ишаралы метафоралық ойға бағынышты. Көркемдік ойлауға тән метафоралық табиғаттың нышанын біз ежелгі мифтік танымнан аңғарамыз. Көшпенділер өркениетінің артефактілерінің дәйегі – аң стиліндегі бұйымдар, кентавр, ежелгі әлем халықтары танымындағы грифон, сфинкс, нага, русалка, т.б. – адам мен табиғат үндестігін, адамның күш-қуаты мен ақыл-ойының орасан мүмкіндіктерін бейнелеудің өнімдері. Осындай архаикалық көркем бейнелеудің құрылымында түрлі детальдар тоғысқан. Адамзат санасының даму процесінде қарапайым танымдық бейнелеулер көркемдік тұрғыда жаңғырып, ойды, сезімді, пайымды жеткізудің барлық мүмкіндігін метафоралық ойлаудың шеңберіне жинақтады. Объективті ұғым мен субъективті пайымның тұтасуынан туындаған көркем бейнелеудің түп негізінде өмірлік шындық пен суреткердің сезімдік қабылдауының тұтасуы жатады. Кемеңгерлік биікті меңгерген Абай сияқты ұлы суреткердің дара сипатты бейнелеулері талданған өлеңдерінің көркемдік-эстетикалық құнын арттырып, рухани мән-маңызын тереңдете түскен.

Эстетикалық ойлау тарихының антикалық кезеңдегі көзқарасы болып табылатын онтологиялық түсінік бойынша шығармашылық – рухтың мәңгілік болмысын еске алу. Абай өз өлеңдерінде өзгермелі, тұрақсыз, тиянағы жоқ өмірді тілге тиек ете отырып, рух ғұмырының мәңгіліктігін паш етеді.

Қорытынды

Бұл мақалада өлең құрылымындағы көркем детальдардың қызметін таныту мақсатында Абайдың бірнеше өлеңін талдау нысанына ала отырып, ұлы суреткердің поэтологиялық кеңістігін айқындауға ұмтылды. Осы бағытта «Сағаттың шықылдағы емес ермек», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Алланың өзі де рас, сөзі де рас», «Тотықұс түсті көбелек», «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» өлеңдері зерделеніп, көркем детальдардың ой мен сезімді бейнелеудегі орны, ақынның тың сипатты бейнелеулері, өлең мазмұнындағы ұғымдардың мән-мағынасы талқыланып, суреткер мұраты заманауи әдебиеттанудың талабына сай айқындала түсті. Абай бұл өлеңдерінде дүниенің тұрлаусыздығы мен мәңгілік ұғымының өлшемдерін шендестіре отырып,

- қайырылматын «бұлдыр заман», «көк тұман» келер заман,
- жаз сайларда гулеп, күзде өлетін «тотықұс түсті көбелек»,
- өмірдің өтетінін білдіретін хәм әр күніңді ұрлайтын «сағаттың шықылдағы»,
- бәрі өзгерсе де «өзгермейтін бір Тәңір»,
- ақыл мен рухты әйгілейтін «мен»,

– тіршілік тұрпатын, тән сипатын танытатын «менікі» бейнелеулері арқылы өзіндік, дара поэтологиялық кеңістікті түзеді. Ақын өлеңдеріндегі көркем детальдар тың сипатты бейнелеулерге негіз болып, маңызды қызмет атқарады.

Абай мұрасының ғылыми тұрғыда көптеген зерттеуге арқау болып келгені белгілі. Шығармалары мәңгілік өлшемімен бағалануы тиіс кемеңгер суреткердің әр туындысы – астары терең, қат-қабат сыры көп, көркем ойлаудың озық үлгісін танытатын құнды мұра.

Әдебиет

1. Котелевская В.В. Томас Бернхард и модернистский метароман. – Ростов на Дону; Таганрог: Изд-во Южного федер. ун-та, 2018. – 352 с.
2. Ingold F. Das «Bild» der Poesie bei Innokentij Annenskij // Die Welt der Slaven. XV. – 1970. – S. 125-146.
3. Тростников М.В. Поэтология: автореферат диссертации в виде опубликованной монографии на соискание ученой степени доктора культурологи. – М., 1998. – 47 с.
4. Бойков В.Н., Захаров В.Е., Каряева М.С., Соколов В.А. Тезаурус по поэтологии как инструмент для информационного поиска и коллекции знаний. Модель и анализ информ. систем. – Т. 20. – №4. – 2013. – С. 125–135.
5. Федотова С.В. Поэтология Вячеслава Иванова: монография. – Тамбов: ТОГОАУ ДПО «ИПКРО», 2012. – 293 с.
6. Боров Ю. Эстетика. Аударғандар Бөпежанова Ә., Аманжол Қ. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 408 б.
7. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. – Т. 1. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 2020. – 640 б.
8. Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. – Астана: Фолиант, 2002. – 408 б.
9. Ибраев Ш. Абай феномені. Монографиялық зерттеу. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2020. – 186 б.
10. Сарбалаев Б. «Тоты құс түсті көбелек» // Абай. Энциклопедия. Бас редактор Р. Нұрғалиев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, 1995. – 720 б.
11. Шәріп А. Алаш жұртының алдияры // Абай және қазақ социумы. Ұжымдық монография. – Т. 3. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2020. – 508 б.
12. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. – Т. 2. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 2020. – 640 б.
13. Aimukhambet Z.A., Abdilmanatkyzy A., Baitanasova K., Seiputanova A., Kurmambayeva K. The Poetic Interpretation of Binary Opposition in the Structure of Myth // Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities. – Vol. IX, No. 1, 2017 0975-2935 <http://rupkatha.com/V9/n1/v9n103.pdf>/<https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.085020937796&origin=resultslist>
14. Лотман Ю. Семиосфера. Аударған Еркімбаев Ұ. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 528 б.

Reference

1. Kotelevskaya V.V. Tomas Bernhard i modernistskij metaroman [Thomas Bernhard and the modernist metaroman]. Rostov To Don; Taganrog, Southern Federal University Press, 2018. 352 p. [in Russian].
2. Ingold F. Das «Bild» der Poesie bei Innokentij Annenskij. In: Die Welt der Slaven. XV. 1970. P. 125-146.
3. Trostnikov M. V. Poetologiya: avtoreferat dissertacii v vide opublikovannoj monografii na soiskanie uchenoj stepeni doktora kul'turologi [Poetology: abstract of the dissertation in the form of a published monograph on the search for the teaching staff of the doctor of culturologists]. Moscow, 1998. 47 p. [in Russian].
4. Baykov V.N., Zakharov V.E., Karaeva M.S., Sokolov V.A. Tezaurus po poetologii kak instrument dlya informacionnogo poiska i kollekcii znaniy. Model i analiz inform. sistem [Thesaurus on Political Science as a tool for information search and knowledge collection Model and analysis of information systems]. Vol. 20, no. 4 (2013). P. 125-135. [in Russian].
5. Fedotova S.V. Poetologiya Vyacheslava Ivanova: monografiya [Poetology of Vyacheslav Ivanov: Monograph]. Tambov, TOGOAU DPO «IPKRO», 2012. 293 p. [in Russian].
6. Borev Yu. Estetika. Audargandar Bopezhanova A., Amanzhol Q. [Aesthetics. Translated by Bopezhanova A., Amanzhol K.]. Almaty, public Foundation «National Translation Bureau», 2020. 408 p. [in Kazakh].
7. Abay. Shygarmalarynyn akademiyaq tolyq zhinagy. Ush tomdyq. 1-tom [Academic complete collection of his works. In three volumes. Volume 1]. Almaty, «Zhazushy» publishing house, 2020. 640 p. [in Kazakh].
8. Akhmetov Z. Poeziya shyny – danalyq [The peak of poetry is wisdom]. Astana, Foliant, 2002. 408 p. [in Kazakh].
9. Ibraev Sh. Abaj fenomeni. Monografiyaq zertteu [The phenomenon of Abay. Monographic research]. Nur-Sultan, L.N. Gumilyov ENU, 2020. 186 p. [in Kazakh].
10. Sarbalaev B. Toty kus tusti kobelek [Parrot bird color butterfly]. In: Abaj. Enciklopediya. Bas redaktor R.Nurgaliev [Abay. The Encyclopedia. Editor-in-chief R. Nurgaliyev]. Almaty, chief editorial office of the «Kazakh encyclopedia», publishing house «Atamura», 1995. 720 p. [in Kazakh].
11. Sharip A. Alash zhurtyrynyn aldiary [Category of Alash people]. In: Abaj zhane qazaq sociumy. Uzhyndyq monografiya. T. 3 [Abay and the Kazakh society. Collective monograph. Vol. 3]. Nur-Sultan, L.N. Gumilyov ENU, 2020. 508 p. [in Kazakh].
12. Abay. Shygarmalarynyn akademiyaq tolyq zhinagy. Ush tomdyq. 2-tom [Academic complete collection of his works. In three volumes. Volume 2]. Almaty, Zhazushi publishing house, 2020. 640 p. [in Kazakh].
13. Aimukhambet Z.A., Abdilmanatkyzy A., Baitanasova K., Seiputanova A., Kurmambayeva K. The Poetic Interpretation of Binary Opposition in the Structure of Myth. In: Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities. – Vol. IX, No. 1, 2017 0975-2935 <http://rupkatha.com/V9/n1/v9n103.pdf>/<https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.085020937796&origin=resultslist>
14. Lotman Yu. Semiosfera. Audargan Yerkimbay U. [Semiosphere. Translated by Yerkimbay U.]. Almaty, public Foundation «National Translation Bureau», 2019. 528 p. [in Kazakh].

***Zh.A. Aimukhambet**

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan

(E-mail: a_zhanat@mail.ru)

**Corresponding author: a_zhanat@mail.ru*

M.N. Mirazova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan

(E-mail: m.n.mirazova@mail.ru)

Abay's poetology: functions of literary detail in the paradigm of imagery

Abstract. The article analyzes theoretical definitions of the concept “poetology” and examines problems covering this issue. Based on the opinions of literary scholars, the relation of the term “poetology” to the entire literary-figurative system in the structure of the work is revealed in the

paper. The analysis of various concepts allowed concluding that poetology is a teaching based on knowledge of the nature of literary consciousness and literary creativity. Based on this opinion, studies the poetical space of Abai's works from the point of view of the figurative functions of his literary details. While analyzing the text of his poems, the role of the man of letter's consciousness as a source of creativity, the functions of the subconsciousness and intention in the creative process as well as issues of aesthetic perception and associative thinking are explained here. On the material of poems based on the outstanding poet's philosophical reflections about life, the author demonstrates the specific, psychological and symbolic types of literary details and studies their meaning.

In order to study Abay's poetic space, the subject of the analysis is represented by several poems, the role of literary details in the structure of the text in reflecting thoughts and feelings, the poet's new images, the meaning of concepts in the content of the poem, the literary skill, poetic knowledge in accordance with the requirements of modern literary studies are discussed in the paper. In these verses, Abay artfully combines the criteria of the transience of life and eternity. The author analyzes and formulates the correction of his own, individual poetic space through the images of "time of troubles", "blue fog", the forthcoming time, "colorful butterfly", dying in the summer, autumn, "arising butterfly", "arising sun", sneaking every day, "unchanging common Tengri", "I", glorifying the mind and spirit, "mine" embodying the way of life and character. It is proven that the characteristic images in the poet's poems are created through various characteristic visual details.

Keywords: poetology, literary consciousness, literary creativity, literary detail, subconsciousness, intention, reception.

***Ж.А. Аймұхамбет**

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Республика Казахстан

(E-mail: a_zhanat@mail.ru)

**Автор для корреспонденции: a_zhanat@mail.ru*

М.Н. Миразова

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Республика Казахстан

(E-mail: m.n.mirazova@mail.ru)

Поэтология Абая: функции художественной детали в парадигме образности

Аннотация. Статья посвящена поэтическому творчеству Абая, в теоретическом аспекте раскрывается понятие «поэтология» и дефиниции, связанные с ним. На основе различных точек зрения ученых-литературоведов выявляется связь термина «поэтология» с художественно-образной системой произведения. Анализ различных концепций позволил сделать вывод о том, что поэтология представляет собой учение, основанное на познании природы художественного сознания и художественного творчества. В контексте вышеизложенного исследуется поэтологическое пространство творчества Абая с точки зрения образных функций художественных деталей. В процессе анализа поэтических текстов Абая выявляется роль сознания художника как источника творчества, раскрываются функции подсознания автора, а также вопросы эстетического восприятия и ассоциативного мышления художника. На материале текстов стихотворений, основанных на философских размышлениях выдающегося поэта о жизни и действительности, раскрываются конкретные, психологические и символические виды художественных деталей, изучается их смысл.

В поэтическом творчестве Абая также нашли отражение и философские размышления о скоротечности жизни и ценности вечности. Важным в статье является анализ собственного, индивидуального поэтического пространства Абая через образы «смутного времени», «голубого тумана», «грядущего времени»; «цветастой бабочки», умирающей летом и осенью;

«восходящей бабочки», «восходящего солнца», «крадущегося каждого дня», «неизменного единого Тенгри»; «я», прославляющего разум и дух; «мое», воплощающего образ жизни, характер. Авторы статьи доказывают, что эти характерные образы в творчестве поэта создаются посредством различных характерных зрительных деталей.

Ключевые слова: поэтология, художественное сознание, художественное творчество, художественная деталь, подсознание, замысел, рецепция.

Авторлар туралы мәлімет:

Аймұхамбет Жанат Әскербекқызы, филология ғылымдарының докторы, қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ. Сәтбаев көшесі, 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан Республикасы.

Миразова Маржан Нышанбекқызы, докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ. Сәтбаев көшесі, 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан Республикасы.

Information about authors:

Aimukhambet Zhanat Askerbekkyzy, Doctor of Philological Sciences, Professor of Department of Kazakh Literature, L.N. Gumilyov Eurasian National University, K. Satpayev str., 2, Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan.

Mirazova Marzhan Nyshanbekkyzy, doctoral student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, K. Satpayev str., 2, Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan.

Сведения об авторах:

Аймұхамбет Жанат Аскербекқызы, доктор филологических наук, профессор кафедры казахской литературы, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. К. Сатпаева, 2, Нур-Султан, Республика Казахстан.

Миразова Маржан Нышанбекқызы, докторант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. К. Сатпаева, 2, Нур-Султан, Республика Казахстан.